

2025-2026 оқу жылының академиялық күнтізбесіне және оқу жоспарына сәйкес «Ақпараттық жүйелер және модельдеу» кафедрасының 6B06120-«Ақпараттық жүйелер», 6B06140-«Математикалық және компьютерлік модельдеу», 6B06121-«Жасанды интеллект технологиялары» білім беру бағдарламалары бойынша өндірістік практика

Өндірістік практиканың негізгі мақсаты – практика жүргізілетін ұйым, мекеме немесе кәсіпорынның қызметін жан-жақты зерттеу негізінде білім алушылардың жоғары оқу орындарында алған теориялық білімдерін нақты өндірістік жағдайларда бекіту және дамыту болып табылады. Бұл процесс студенттерге кәсіптік іс-әрекетке қажетті дағдылар мен тәжірибені қалыптастыруға, сондай-ақ кәсіби шешімдер қабылдау қабілеттерін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес, практиканың бірнеше түрі қарастырылған: оқу практика, өндірістік I-II практика, дипломдық немесе өндірістік практика.

2025-2026 оқу жылында Оқу практикасы «Ақпараттық жүйелер және модельдеу» кафедрасында 1 апта уақыт ішінде өтіледі. Практика уақыты 01.06.2026-05.06.2026жж. Оқу практикасының негізгі мақсаты – білім алушыларды ЖОО жүзеге асыратын білім беру бағдарламаларының құрылымымен, оқу процесінің мазмұнымен, ЖОО-ның құрылымдық бөлімшелерінің жұмысымен, мамандыққа қатысты негізгі кәсіби міндеттер мен қызмет түрлерімен таныстыру болып табылады. Суретте кафедрада өтілген оқу практикасының қорғалу сәтінен үзінде:



Өндірістік I практикасы 2 курс студенттеріне 4 апта уақыт ішінде өтіледі. Практика барысында студенттер операциялық жүйелер, компьютердің құрылымы, ақпараттық жүйелердің архитектурасы, бағдарламалық қамтамасыз ету элементтері және басқа да мамандыққа қатысты пәндер бойынша практикалық дағдыларын жетілдірді. Суретте 2 курс студенттерінің мекемеде тәжірибе алмасу кезінен үзінді:



Бұл суретте студенттеріміз «ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы» Шымкент қаласы бойынша орналасқан мекемесінде практикадан өтті.



2 курс студенттеріміз 6В06121-«Ақпараттық жүйелер» мамандығының студенттері «Түркістан облысы цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасы» ММ, Түркістан обл.бойынша орналасқан мекемесінде өз тәжірибелерін алмасып, көптеген тәжірибе алмасып, келді.



6B06121-«Жасанды интеллект технологиялары» «Түркістан обл.цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасы» ММ, Түркістан обл. орналасқан мекемеде өндірістік практика өту барысы.



6B06140-«Математикалық және компьютерлік модельдеу» мамандығының 2 курс студенттері өндірістік I практикасын «Теориялық және қолданбалы математика орталығы» АҚ, М.Әуезов атындағы ОҚУ Шымкент қаласы бойынша орналасқан мекемеде өтті.



Өндірістік II практикасы 3 курс студенттері өндірістік II практиканы 12.01.2026 – 20.02.2026жж. күндері аралығында өтті. Бұл практика барысында студенттер ақпараттық жүйелерді жобалау, енгізу және пайдалану процесінде практикалық дағдыларын жетілдіріп, өндірістік процестердің нақты үлгілерімен танысты.




Бұл суретте 3 курс студенттері Өндірістік II практикасын «Digital Rood» ЖШС, Шымкент қаласы бойынша орналасқан «Shymkent HUP» мекемесенің филиалында өз тәжірибелерін өтеді.



Суретте «KazMBS» ЖШС мекемесі



Суретте «Nur-Com-Tel» ЖШС мекемесінде 3 курс студенттерінің Өндірістік ІІ практикадан өту барасы



2025-2026 оқу жылында 4 курс студенттері Дипломалды немесе өндірістік практикалары 16.03.2026-10.05.2026жж. аралығында бұйрыққа сәйкес бекітілген мекемелерде практика өтіледі. Практиканы ұйымдастыру және бақылау бойынша жетекшілер ретінде кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамының жоғары білікті мамандары – профессорлар, доценттер және аға оқытушылар тағайындалады.




Практика – өз салаңыздағы кәсіби мамандармен танысуға мүмкіндік береді. Олар болашақта сізге бағыт-бағдар беріп, бос жұмыс орындары туралы ақпаратпен бөлісетін кеңесші немесе ментор болуы мүмкін.



Сонымен қатар, кафедра үнемі тәжірибе өтуге арналған өндірістік базаларды кеңейтіп, заманауи кәсіпорындармен, мекемелермен және ұйымдармен ынтымақтастық орната отырып, студенттердің кәсіби даярлығын арттыруға бағытталған іс-шаралар ұйымдастырады. Практика барысында студенттер өндірістік процестердің нақты кезеңдерінде кәсіби жауапкершілікті сезініп, өз білімі мен

дағдыларын іс жүзінде қолдану мүмкіндігін алады, бұл олардың болашақ кәсіби қызметінде табысты болуына ықпал етеді.



Практика кезінде студент тек мамандыққа қатысты білімін ғана емес, тұлғалық қасиеттерін де шыңдайды:

- Жауапкершілік: Нақты тапсырмаларды орындау арқылы іске деген жауапкершілікті сезінеді.
- Ұжыммен жұмыс: Әртүрлі мінездегі әріптестермен тіл табысуды, корпоративтік мәдениетті үйренеді.
- Мәселені шешу: Жұмыс барысында туындайтын күтпеген жағдайларда шешім қабылдауға дағдыланады.